

Кафедра: Ортопедиялық стоматология.

Тақырыбы: Медициналық қызметті
тұтынушы-науқаспен дәрігер арасындағы
құқық пен міндетін анықтайтын күшке енген
негізгі ережелер

Орындаған: Кенесбаева М

Факультет: стоматология

топ: 12-002-01

курс: 5

Жоспары:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - а) Стоматолог дәрігердің міндеті
 - б) Дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынас
 - в) Науқас құқылы
- III. Қорытынды
- IV. Колданылған әдебиеттер

Кіріспе

- Стоматолог деонтология мен этикалық қағидаларын сақтамай ем жүргізу мүмкін емес. Ол әрқашан дерттің түрін емес, науқас адамды емдеп отырғанын ұмытпауы қажет. Өйткені ауыз қуысы бүтін ағзаның бір бөлігі. Ол науқас адаммен ресми сауалнама жүргізумен бірге, шыдамдылықпен және қиындығына ортақтаса отырып, әңгімелескені жөн.

- Науқастың психикасын қорғау емдеудің барлық сатысында жүргізілуі тиіс. Дәрігердің науқасқа селқос қарауы, асығыс қимылы, науқасты қарап жатқан кезде басқа затқа алаңдауы, ұмытшақтығы, орынсыз ескертулері, ойланбай айтылған қорытындылары - оның науқаспен арасындағы қарым-қатынасты бұзады. Яғни, дәрігер жағынан ешқандай айқай, қызметкерлермен, науқастармен ұрысу деген мүлдем болмау керек. Емдеу кабинеттерінің тазалығы жоғары деңгейде болуы тиіс. Науқастар кезек күтетін бөлмеде де ыңғайлы жағдайлар жасалуы қажет.

Этикалык кодекс Ар-намыс кодексі

1. Стоматолог дәрігердің басты міндеті - науқасқа жан-жақты, сапалы, жоғарғы білім деңгейіндегі заманауи технологияларды пайдалана отырып ем жасау.
2. Аса шұғыл жағдайларда халыққа кешеуілдетуге болмайтын көмек көрсету
3. Пациенттермен қарым - қатынасы жасына, жынысына, ұлтына, дін ұстанымына, азаматтығына, шығу тегіне және өзгеде жағдайларына қарамай көмек көрсетуге міндетті
4. Өз мамандығын жүзеге асыра отырып, стоматолог өзінің кәсіби еркіндігін сақтауға, өзіне науқас жөніндегі бар жауапкершілікті алуға, дәрігерлік міндетіне қысым көрсеткен қандай да бір адамдарға еркін бермеуге.
5. Медицина мамандығының ерекшеліктерін ескере отырып көпшілік арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурудың алдын алу шаралары жөнінде үгіт насихат жүргізуге ат салысуға тиісті.
6. Емхана мүлкін ұқыпты ұстауға әрі тиімді пайдалануға.
7. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға міндетті.

Дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынас

1. Дәрігер стоматологпен пациент арасындағы байланыс заңнамалы құқықтық құжаттармен анықталады.
2. Дәрігер пациенттің тегіне, ұлтына, дін ұстанымына және де басқа айырмашылықтарына қарамай қаралуға келген науқасқа қарсылық көрсетуге құқы жоқ.
3. Пациент үшін маңызды мәліметтермен дәрігерлік құпияларды сақтауға
4. Пациентке қажетті деп тапқан жағдайда өзінентәжірибелі әріптестерін емдеу және қарау процесіне қатыстыруға.
5. Емдеу және қарау кезінде емдеу бағыттарының айығып кету немесе аурудың кайталану мүмкіндіктерін және де науқастың емделуге кететін шығындары жөнінде пікірлісіп, пациенттің өз таңдауын жасауға мүмкіндік беру.
6. Емдеу кезеңінде дәрігер өз қателіктерін немесе қателікті басқа әріптесі сезген жағдайда қосымша ақысыз тез арада түзетуге.
7. Пациенттің жан-жақты ем алуына және еімнің қауіпсіздігіне қатер тудыратын жұқпалы аурулар, ауыр жарақаттар және де басқа жағдайларды жоғарғы органдары хабарлап отыруға.

Науқас құқылы



- дәрігер таңдауға
- дәрігерге өзінің стоматологиялық аурулары жөнінде толық әрі нақты мәлімет беруге.
- егер пациент адамдармен қоршаған ортаға жұқпалы аурулардың көзі немесе психикалық ауытқулары болған жағдайдан басқа кезеңде өзінің рұқсатынсыз әрекет істетпеуге құқылы

Дәрігер стоматологқа тыйым салынады:

- Өзінің білімі және біліктілігі жөнінде жалған мәлімет беруге
- Науқасты себепсіз қабылдамай қоюына
- Науқастың айтқан шағымдарына, *a.vitae*, *a.morbi*-ына көңіл бөлмей ем жасауына
- Науқастан жоқ бағаны талап етуге
- Өзіне жасалмаған марапаттармен сый құрметтерді пайдаланбауға.
- Жалған диплом иеленбеуге.



Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Дәрігердің мыналарға құқығы жоқ:

1. Пациентке ескертпей емдеу процесін тоқтатуға. Егер емді әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда басқаша емдеуді ұйымдастыруға міндетті.
2. Пациенттің көзінше басқа әріптестерінің жасаған емдерін сынауға
3. Көпшіліктің сынағынан өтпеген немесе авторлық құқығы жоқ емдеу тәсілдерімен технологияны пайдалануға
4. Пациенттің өзінің сенген дәрігеріне қаралуына қарсылық көрсетпеуіне.
5. Емдеу кезінде пациентке өзінің жеке пікірін ұсынуға құқығы жоқ.
6. Дәрігердің іс қимылы емдеу тексеру және алдын - алу процестері кезінде пациенттің толық сенімінде бола білуге міндетті.
7. Науқастардың көзінше , бөлменің ішінде медбикенің жұмысына мін тағып, ұрсып сөгуге болмайды



Емдеу кезінде дәрігерлік құпия деп есептелмейтін медициналық мәліметтер:

- кәсіптік консультация
- ғылыми тәжірибе
- медициналық көмектің сапасын бағалау
- емдеу әсерін бағалауға
- оқу процестерін жүргізуге



Дәрігер келесі жағдайларды емдеу және диагностикатық шараларды жасамауға мәжбүр:

- пациент жедел жәрдем қажет етпегенде және басқа стоматологиялық мекемеге баратын мүмкіндігі болған жағдайда
- пациент тарапынан болатын ұрыс - керіс жағдайда
(қабылдау тәртібін бұзу, наркогикалық жағдайы, мас күйінде болуы т.т.) жұмыс уақытының жетіспеуі
- көмек көрсету процесі адамдарға және қоршаған ортаға зиянын тигізетін немесе сол мекеменің кедергі келтіретін жағдайда
- емдеуге үшінші адамның қысым көрсетуі жағдайында
- дәрігер емдеуден бас тарту жағдайын мекеме басшысына білдіріп отыруы міндетті.

Стоматология саласының маманы:

- өз ортасының ынтымақ бірлестігін сақтауға үлесін қосуға
- **стоматология ассоциясы жұмысына белсене араласуға**
- кәсіптік басылымдарды үнемі оқып отыруға әріптестерінің ар - намысын өзінің ар намысындай қорғауға
- **стоматологиялық қоғамның моральдік тазалығын сақтауға**
- әріптестерінің білім тәжірибесіне сыйластықпен қарауға өзінің тәжірибесі мен білімін үйретуге
- **пациенттің және ағайындарының көзінше басқа әріптестері жөнінде теріс пікірайтуы арқылы өзінің беделін көтермеуге**
- әріптестерінің пациенттерін иемденбеуге
- **әріптестерін сынақтан өткізген кезде әділ әрі нақты баға беруге**
- әріптестерінің кәсіптік деңгейі төмен және ем жүргізу тәсілі кәсіптік стандартқа сай келмеген жағдайда белгіленген тәртіппен ескертуге
- **өз тәжірибесінде халықтың денсаулығына пайдасы тиетін зерттеулер мен үгіттер жүргізуге**
- жұмыста әріптестері мен пациенттерге өзінің кәсіптік деңгейінде ғана қарым-қатынас жасауға міндетті.

Жарнамалау

- Стоматологиялық қызметтерді жарнамалау жан жақты жасалынуға тиіс. Басқалардың ісіне кедергі келтірмейтіндей, әрі жалған көтермелеулерімен көпшілікті алаңдатпауы қажет.
- Стоматолог көпшілік ақпарат көздері арқылы жарнама жасаған жағдайда, өз кәсібінің беделіне нұқсан келмейтін жағын ойлануға тиіс.
- Маманның ақпараттық беделі оның кәсіптік деңгейін әріптестерінің мойындауымен бағалануы тиіс.
- Маман өзінің емдеу, диагностика жасау және аурудың алдын алу тәсілдерін кәсіптік емес ақпарат көздері арқылы таратуға болмайды.



Қорытынды

Сонымен дәрігерлердің өзара қарым-қатынасының деонтологиялық қағидаларын қатаң сақтау ұжым өмірінде,оның күнделікті және келешектегі табысқа жетуіне маңызды роль атқарады.

Ар намыс кодекс нормаларын бұзған жағдайда стоматология қызметкерлері әріптестері және әкімшілік тарапынан ауызша және жазбаша түрде ескертулер алады,қайталанған жағдайда еңбек құқықтарын шектеу, одан әрі жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер

1. Этикалық кодекс
2. <http://shava.kz/prezentaciyalar>
3. http://www.ond.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=21&Itemid=25&lang=kz
4. <http://kызmet-gazeti.kz/amanbol/1105-2016-05-02-20-57-44.html>